

# **Орталық Азиядағы азаматтығы жоқтықты жою туралы Ашхабад декларациясы**

*2024 жылғы 8 қарашада қабылданды*

Біз Орталық Азия мемлекеттері — Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы делегацияларының басшылары 2024 жылғы 8 қарашада Ашхабадта, Түрікменстанда, Азаматтығы жоқтық мәселелері бойынша Орталық Азия министрлік конференциясында жиналды. БҰҰ-ның босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары Ф.Гранди 2024 жылдың қазанындағы Түрікменстан мен Қырғыз Республикасының барлық белгілі азаматтығы жоқ жағдайларын шешудегі тарихи жетістіктерін атап өтіп, аймақтың #IBelong науқанының мақсаттарын ілгерілетуге қосқан үлесін атап өткен баяндамасына сілтеме жасай отырып, азаматтығы жоқтықты жоюдың жаһандық міндетіне ортақ бейілділігімізді растаймыз.

## **Жетістіктерді мойындау**

### **1. Азаматтығы жоқтықты жоюдағы өңірлік көшбасшылық**

Орталық Азия #IBelong жаһандық науқанында 2014 жылдан бері аймақтағы 200 000-нан астам азаматтығы жоқ жағдайларды бірлесе шешіп, керемет нәтижелер көрсетті. Әлемдік ауқымда шешілген әрбір үшінші азаматтығы жоқтық жағдай өңірдегі елдердің нәтижелерін құрай отырып, басқа өңірлер үшін үлгі болып табылады:

а) **Қазақстан Республикасы** 1954 жылғы Апатридтердің мәртебесі туралы Конвенцияның іргелі қағидаттарының бірін азаматтығы жоқтығын анықтаудың арнайы ұлттық рәсімін

белгілеу арқылы іске асырды және екі ұлттық науқан жүргізіп, нәтижесінде 30,000 адам азаматтығы жоқ деп құжатталды, оның ішінде 15,000 адам Қазақстан Республикасының азаматтығын алды. 2019 жылы Босқындар жөніндегі жаһандық форум барысында Қазақстан жеке куәлігі жоқ аналардың балаларына туу туралы куәлігін беру бойынша ерікті міндеттемені өз мойнына алды және орындады.

б) **Қырғыз Республикасы** тууды универсалды тіркеуді және өз заңнамасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ете отырып, барлық белгілі азаматтығы жоқ жағдайларды шешкен әлемдегі бірінші ел болды.

с) **Тәжікстан Республикасы** азаматтығы жоқ тұлғаларға өз мәртебесін заңдастыруға және ұзақ мерзімді азаматтығы жоқтықтың алдын алуға мүмкіндік беретін уақытша рақымшылық туралы заңды қоса алғанда, маңызды құқықтық реформаларды енгізді.

д) **Түрікменстан** БҰҰ азаматсыздық бойынша екі Конвенциясына шүбәсіз қосылған Орталық Азия өңіріндегі бірінші мемлекет ретінде азаматтығы жоқ тұлғалардың мәртебесін анықтаудың жаңа тәртібін белгілеп, туудың, оның ішінде құжаты жоқ адамадар арасында 100% тіркеуді қамтамасыз етіп, азаматтығы жоқ барлық жағдайларды толығымен жойып, 32 000-нан астам азаматтығы жоқ адамдарға азаматтық беріп, Жаһандық альянсқа қосылу арқылы азаматтығы жоқтықты жою бойынша аймақтық және жаһандық күш-жігердің көшбасшысы болды.

е) **Өзбекстан Республикасы** 2020 жылы 80 000-нан астам азаматтығы жоқ тұлғаларға азаматтық алуға ықтимал ететін заңнамалық түзетулерді қоса алғанда, ауқымды реформаларды жүзеге асырып, осылайша азаматтығы жоқ тұлғалардың санын айтарлықтай төмендетті.

Бұл жетістіктер Орталық Азияны азаматтығы жоқтық мәселелерінің алдын алу, азайту және түпкілікті шешуді қамтамасыз ететін трансформациялық құқықтық негіздер мен

әрекеттердің арқасында азаматтығы жоқтықты жою бойынша жаһандық қозғалыстың көшбасшысы ретінде атап өтеді.

## **2. Азаматтығы жоқтықты жою жөніндегі Жаһандық альянсқа бейілділік**

#IBelong науқаны аяқталғаннан кейін Азаматтығы жоқтықты жою жөніндегі Жаһандық альянсқа қосылуды қарастырамыз. Орталық Азия осы жаһандық платформада қолжетімді ресурстар мен мүмкіндіктерді пайдалануды жалғастыра отырып, өз тәжірибесін басқа аймақтармен бөлісуге дайын.

## **Орталық Азия үшін стратегиялық көзқарас**

Қол жеткізілген прогресті қолдау және нығайту үшін күш-жігері-мізді келесі бағыттарға шоғырландырған жөн:

### **1. Азаматтығы жоқ тұлғаны анықтау рәсімдерін жетілдіру**

Біз өңірдегі азаматтығы жоқ тұлғаны анықтау рәсімдерін одан әрі жетілдіруге және біріздендіруге ниеттіміз. Бұл жақсартулар халықаралық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге және халықтың осал топтарына ерекше назар аударатын отырып, барлығына азаматтыққа қол жеткізуді жеңілдетуге бағытталады болады.

### **2. Шетелде азаматтықты растау процесін жеделдету**

Біз Орталық Азия мемлекеттерінің өз арасында азаматтықты растау процесін жеделдету үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырамыз. Кейбір санаттағы тұлғалар үшін азаматтық хал актілерін растаудағы қазіргі қиындықтарды мойындай отырып, мәселелерді шешуге кедергі келтіретін әкімшілік кідірістерді азайту үшін жедел растау хаттамаларын құруды қарастыру маңызды.

### **3. Қалған азаматтығы жоқ жағдайларды қысқарту**

Біз Орталық Азияның әрбір елінде әлі шешілмеген азаматтығы жоқ жағдайларды шешу және қысқарту бойынша тұрақты күш-жігерге ұмтыламыз. Ұлттық және аймақтық іс-шаралар жоспарларын осы басымдықтарға сәйкес жаңартуды және азаматтығы жоқтықты азайту үшін нақты, қол жеткізуге болатын мақсаттарды белгілеуді ұсынамыз.

### **4. Аймақтық ынтымақтастық пен озық тәжірибемен алмасуды ілгерілету**

Жетістіктерімізді ескере отырып, біз тұрақты аймақтық кездесулер өткізуді, ынтымақтастықты арттыруды және озық тәжірибелермен бөлісуді ұсынамыз. Бұл тұрақты іс-шаралар ұжымдық әлеуетті арттыруды, инновациялық тәсілдерді енгізуді және азаматтығы жоқтық мәселелерін шешу жөніндегі ұлттық және өңірлік жоспарларды нығайтуды қолдайды.

### **5. Деректер жинау мен ашықтықты нығайту**

Біз азаматтығы жоқтық саласындағы деректерді жинауды, талдауды және таратуды жақсарту қажеттілігін атап өтеміз. Қолжетімді, жан-жақты деректер саясаткерлерге неғұрлым тиімді шешімдер әзірлеуге және Орталық Азиядағы азаматтығы жоқтық мәселелерін шешуде ашықтық пен есептілікті арттыруға мүмкіндік береді.

### **6. Ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттар мен конвенцияларға сәйкестендіру**

Біз БҰҰ-ның азаматсыздық бойынша Конвенцияларына қосылу және 1954 және 1961 жылдардағы азаматсыздық бойынша Конвенциялардың рухында ұлттық заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыстың маңыздылығын растаймыз. Осылайша, біз болашақ азаматтығы жоқ жағдайлардың алдын алуға және жалпы адам құқықтарына деген ынтымақтастықпен нығайтуға тырысамыз.

## **7. Барлық балалар үшін тууды тіркеу және құқықтық мәртебені қолдау**

Біз Орталық Азияда туылған әрбір баланың уақтылы тіркелуін қамтамасыз ететін саясатты қолдаймыз. Универсалды тіркеуге қол жеткізу үшін тууды тіркеудегі құқықтық, әкімшілік және әлеуметтік кедергілерді жою бойынша жұмыс жүргізу маңызды.

## **8. Азаматтығы жоқ тұлғаларды ұлттық жүйелерге интеграциялау**

Біз азаматтығы жоқ тұлғалардың негізгі құқықтар мен қызметтерге, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ететін саясатты қабылдауға шақырамыз. Азаматтығы жоқ тұлғалардың денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қызметтеріне инклюзивті және тең қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, ұлттық жүйелерге интеграциялау қажет.

## **Тұрақты даму мақсаттарына және азаматтығы жоқтықты тамырымен жоюға бейілділік**

Азаматтығы жоқтықты жою Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ), әсіресе бейбіт, әділ және инклюзивті қоғамдар бойынша 16-шы ТДМ және теңсіздікті азайту бойынша 10-шы ТДМ-ға қол жеткізу үшін өте маңызды. Біз 2030 жылға дейінгі күн тәртібі шеңберінде азаматтығы жоқтық мәселелерін шешу жөніндегі күш-жігерімізді нығайта отырып, “ешкімді артта қалдырмауға” деген шешімімізді тағы да растаймыз.

## **Болашаққа көзқарас**

Елдердің делегациялары Орталық Азиядағы азаматтық жоқтықты жою жөніндегі бірлескен және жеке іс-қимылдарды жалғастыруға, Азаматтығы жоқтықты жою жөніндегі Жаһандық альянсқа қосылу мүмкіндігін қарастыруға және өңіріміздегі әрбір адамға азаматтық қамтамасыз ететін қауіпсіздік пен абыройды қолдана алатын болашаққа үлес қосуға ниет білдірді.